



# Елтілгі

Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!

30

№21-22 (441-442)  
Сарсенбі  
Наурыз  
2016 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2007 жылғы  
22 қарашадан шығады

## НАЗАРБАЕВ ҚАРАЖАТТЫ ҚАНДАҰ ВАЛЮТАМЕН САҚТАУ ТИІМДІ ЕКЕНІН АЙТТЫ

Елбасы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевті қабылдады деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Ақышев мемлекет басшысына Ұлттық банктің қазіргі қызметі, сондай-ақ елдің қаржы нарығындағы ахуал туралы баяндады.

Қазақстан президенті қаражатты қазіргі уақытта ұлттық валютамен сақтау халық үшін тиімді екенін айтты.

"Теңге бойынша пайыздық мөлшерлеме жоғары, ал шетел валютасындағы салымдарда ол әлдеқайда төмен. Еліміздегі барлық сатып алу, сату операциялары және еңбекақы төлемдері ұлттық валютамен жүзеге асырылады. Негізгі тауарлардың бағасы тұрақты. Сондықтан қаражатты теңгемен сақтау барлық жағынан тиімді. Халықтың ұлттық валютаға көбірек ден қойғаны маңызды", - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Данияр Ақышев наурыз айында валюта нарығындағы ахуал тұрақталғанын атап өтті.

"Мұнай бағасы, сауда серіктестеріміз болып саналатын елдердегі валюта бағамы сияқты пәрменді сыртқы ықпалдар тұрақталды. Осындай жағдайда биылғы ақпан айынан бері теңге нығая бастады, бұл үдеріс осы айда жалғасты. Біз ұлттық валюта бағамындағы ауытқу айтарлықтай төмендегенін және оның 1,6%-ға нығайғанын байқап отырмыз", - деді Ұлттық банк төрағасы.

Сонымен қатар Ақышев салымдарды долларсыздандыру үрдісі басталғанын айтты.

"Ел тұрғындары мен кәсіпорындар ұлттық валютадағы салымдарын біртіндеп көбейте бастады. Осы айда бұл үрдіс күрт жеделдеді", - деді Ұлттық банк төрағасы.

Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

akorda.kz



## МАЖІЛІСТІҢ ЕҢ ЖАС ДЕПУТАТЫ "БРЕЙК-ДАНС" БИЛЕП, АҚША ТАПҚАН КЕЗДЕРІ БОЛҒАНЫН АЙТТЫ



Соңғы аптаның ішінде парламент мәжілісінің ең жас депутаты Геннадий Шиповский туралы республикалық бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Қазақпараттың меншікті тілшісі Генаның отбасымен кездесіп, бірнеше сауал қойған еді.

- Геннадий, мәжіліс депутаты болғаннан кейінгі алғашқы сапарың ғой. Ата-ана, дос-жарандарың өзіңнен кем қуанбаған болар.

- Әрине, бәрі қатты қуанды. Әсіресе, ата-анам мен туыскандардың қуанғанын көрсенді. Мен бірер күнде Астанаға жұмысқа қайтып кететіндіктен олар қазақы жолмен мал сойып, кезектен кезекпен күннің күесі болып отыр. Өзіңіз де қуанышты күннің күесі болып отырсыз.

- Геннадий, өмірдегің туралы баспасөз беттерінен азды-көпті хабарымыз бар. Дәй тұрса да, өзің тағы бір тоқталып өтсең.

- Отызға толғаным жоқ, өмір жолым енді басталды десем болады. Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты «Сексеуіл» кентінде 1989 жылы 22 қазанда дүниеге келдім. Өкем - Геннадий Павлович Шиповский пен анам - Лидия Николаевна Куликова қарапайым еңбек адамдары болды.

Осындағы қазақ балабақшасына барып, қазақ мектебінде оқыдым. Ал, бабаларымыздың бұл өлкеге келгеніне ғасырдан асыпты. Патшалық Ресей теміржол құрылысын жүргізген кезде келіп, осында тұрақтап қалып қойған. Тағдырдың жазуы шығар, анам 2002 жылы өмірден озса, араға жыл салып өкем дүние салды. Мұнан кейінгі өмірім Қызылорда қаласындағы балалар үйінде жалғасты. Бұл жерде жағдайым болды деп айта алмаймын. Уақыттың да қиын кезі, ата-ана құшағынан шығып келген мен үшін оңай тиген жоқ. Мен бірнеше рет балалар үйінен қашып кеттім. Сол кездері қаладағы дәмханаларда «Брейк-данс» билеп нәпақа тауып жүрдім.

Кемелетке жасым толмағандықтан мені балалар үйіне қайта алып келді. Тағы қаштым. Сондай бір күндері досым Еркін деген бала қала іргесінде шаруа қожалығы бар бүгінгі ата-анамның үйіне кездейсоқ ертіп барды. Расын айтсам, өздерінің бес баласы бар, көпшіл жанұядан кеткім келген жоқ. Қандай да бір күш мені осы отбасына байлай берді. Бірнеше күн болдық, қолғабыс жасадым. Менің бар жағдайымды естіген отбасы көп ойланбастан патронаттық негізде мені қолдарына алды.

Мен кең дүниенің бостандығына тордан шыққан құстай өзімді еркін сезіне бастадым. Жан-дүниемде өзіме осынша қамқорлық жасауға тәуекел етіп отырған жандарға алғысым шексіз еді. Балаларымың алды жоғары оқу орнында оқитын ата-анам менің оқуымды жалғастыруымды қалады. Қаладағы №6 мектептің кешкі бөлімінде оқуымды жалғастырдым. Мектептен соң Қазалыдағы теміржол училищесіне түстім. Оны бітіргеннен кейін Қызылорда жөндеу локомотивінде жұмыс істедім. Осы жылдар ішінде папам Мұрат пен мамам Баян мені өз балаларынан бір бөлектеген емес. Үнемі қамқор болып, оқуымды үзіп алмауымды қадағалады. Ақылдарын айтып, үлкен өмірге дайындады. Өмірімнің қысқаша дерегі осы десем болады.

- Геннадий, ата-анаң Алтынбек деп атайтынын білемін. Осы оқиғаны айтып берсең...

- Мен жас күнімнен қазақ тіліне өте жетік болып өстім, тіпті бүгінде қазақша ойлаймын да. Қазақтың мақал-мәтелдерін сөз орайында қалай айтып қалғанымды да байқамай қаламын. Қазақта «адамнан жасырғанды құдайдан жасыра алмайсың» деген аталы сөз бар ғой. Оның сырын мен жасырғанмен, ел ертең бәрі біледі. Біреулерге бұл қызықты болып көрінуі мүмкін, алайда бұл менің маңдайыма жазылған тағдырым ғой. Оған еш өкінген кезім болған емес. Қайта бүгінгідей жетістігімнің бәрі ата-анамның ниеті мен Жаратқаннан сыйы деп түсінемін. Он жеті жасымда ата-анам Алтынбек деп азан шақырып ат қойды. Мұсылманшылдық дәстүрмен сүндетке отырғызып, той жасады. Папам тек қана: «Тегіңді өзгертеп, ата-анаңның еш кінәсі жоқ, құдайдың ісі ғой. Тек ертеңгі күні бір немеремізге біздің тегімізді берсең болды» деді. Мен оған қуана келістім. Содан бері бәрі Алтынбек еркелетіп «Алтош» деп те атайды. Бұл оқиғаның сыры осы.

Қазақпарат

### БҮГІНГІ САНДА:

#### МӘДЕНИЕТ

- Қаймағы бұзылмаған Қармақшы жыраулары

5 бет

#### ТАҒЫЛЫМ

- Журтеновтың туыстарына қамқорлық еткен

6 бет

#### ТАРИХТАН ТАРҚАН СЫР

- Жаужүрек

7 бет

#### ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

- Қураған ағаштар мен қартайған қария

9 бет



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданы бойынша барлық ауыз су тұтынушылар назарына!

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі ҚР Ұлттық Экономикалық министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 163 бұйрығының 48 тармағына сәйкес тұтастығы бұзылған, бастапқы тексеру туралы бөдері жоқ есепке алу аспаптарын, сондай-ақ тексеру мерзімі өткен есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

Осыған орай су есептегіш құралын рұқсатсыз алып тастаған, пломбабасы үзілген, мемлекеттік тексеру мерзімі өткен, қайта мемлекеттік тексеруден өткізбеген немесе жаңадан ауыстырылмаған және су есептегіш құралын орнатуға негізсіз кедергі келтірген тұтынушыларға ҚР Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істер агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығына сәйкес төлемақы судың жылдамдығы 1м/с труба диаметрінің толық өткізу қабілеттілігі бойынша 24 сағатқа есептеледі. Осы шартқа келіспеген тұтынушылар орталық су жүйесінен ажыратылады.

**Тұтынушылар назарына:** Қазалы өндірістік бөлімшесі тұтынушылардың ішкі су жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстары жылына 1 рет міндетті түрде жүргізіледі және де жеке және заңды тұлғаларға сервистік ауыз су құбырларын жүргізу, ішкі су тарату құбырларына қосу, су есептегіш құралдарын орнату немесе ауыстыру, пломба басу жұмыстары Қызылорда облысының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Департаментінің келісімі негізінде, филиалдың бекіткен калькуляциясына сәйкес жұмыстар ақылы негізде атқарылады.

**Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше өкімшілігі.**

**Байланыс телефондары: 2-10-33, 2-30-33**

**Аудан тұрғындарының күнделікті пайдаланып отырған ауыз суды мақсатты пайдаланып, бей-берекет ағызып, ысырап болуына жол бермеулеріңізді сұраймыз.**

## Сал ауруы

**Сал ауру – паралич – полиомиелит –** өту жұқпалы ауру. Бұл, әсіресе, төрт – бес жасқа дейінгі балаларға көбірек жабысады. Мектеп жасындағы балалар да, кейде ересек адамдар да паралич ауруымен ауырады.

Сал ауруының вирусы өте жансөбіл келеді. Олар ауыз суларында, азық – түлікте ұзақ өмір сүреді. Вирустың үйдегі суда 100 күнге, ал сүт пен сары майда 90 күнге дейін өлмейтінін ғылым анықтап отыр.

Вирус ыстықты сүйемейді. Егер вирус түскен суды 50 – 60 градусқа дейін ысытсақ, ол тез қырылады. Ол күн кезінде шыдамайды. Ғалымдар баланың денесіне вирустың екі жолмен енетінін тапты. Бірі – тағам, екіншісі – ауа.

Паралич вирусы сау адамға ауа арқылы да жұғады. Ауру адам сөйлегенде, түшкіргенде, жетелгенде вирустар сілекей шашырандысымен не шаң – тозаң арқылы ауаға жайылып отырады. Осындай ауамен дем алған соң адамдар параличпен сөзсіз ауырады.

Параличтің қозатын маусымы бар екені ғылым жолымен анықталып отыр. Балалар параличті шілде, тамыз, қыркүйек айларында жиі кездестіреді. Вирус денеге енісімен ауру бірден біліне қоймайды. Ауру вирус азғаша жабылған соң, 7 – 10, кейде 20 күннен кейін білініп жатады. Бұл кезде бұрын сап – сау, ойнап күліп жүрген бала кенеттен жығылады. Дене қызуы 39 – 40 градусқа дейін көтеріледі, көзі жасаурады, басы көтертпей ауырады, кейде тұмау тәрізді түшкіреді, мұрыны бітеді немесе тынбай танаудан су ағады, жетеледі. Кейбір балалардың іші өтеді, құсады. Аурудың алғашқы күндерінде бала мең – зең, ұйқышыл келеді, кейде күйгеліктік ашушаңдық пайда болады. Ондай бала бетіне түскен күн және шам сәулелерінен қашады, төңірегіндегілердің сөздерін естігісі келмейді. Кейбіреулері қатты жығылып, сана – сезімінен айырылады. еке – шешесін танымайды, сандырақтай бастайды. Есейіп қалған балалар аяқ – қол адырының, арқа, мойын омыртқаларының ауыратынын бірден айтады. Денелеріне қол, киім – кешектисе, тітіркеніп жақтырмайды. Параличпен ауырған баланың денесі, әсіресе, желкесі қатты терлейді.

Науқасты ауруханаға жатқызғанша сау балаларға сал ауруды (параличті) жұқтырмау үшін түрліше сақтық шараларын істеуге болады. Мысалы, науқасты жеке бөлмеге, ал мүмкіндігі болмаса, бөлменің бір бұрышына жатқызып, төсек алдын шымылдықымен қоршап қою керек, оған қуаушіден басқа ешкімді қатыстырмау керек. Ауру адамның ыдыс – аяқтары, киімі және тағы басқа да заттары белек болуы тиіс. Ауру адамның үлкен дәретін төгер алдында хлорлы ек ерітіндісімен дезинфекциялау керек. Ас ішкен ыдыстарын тамақтан кейін 20 минут бойы суда қайнатылады. Одан кейін 0,2 процентті хлорлы ек ерітіндісін жарты сағаттай малыныуы тиіс. Бұдан соң ыдысты таза суға шайқап, еуден келтіру керек. Ыдыстарға жұққан вирус сонда ғана жойылады деуге болады.

**Н.БЕРШІМБАЕВА**

**Ш.ЕЛИБАЕВА**

**ҚР ҰЗМ ТҚКК «ҰСО» шаруашылық**

**жүргізу құқығындағы**

**Республикалық мемлекеттік**

**кәсіпорынның**

**Қызылорда облысы бойынша**

**филиалының**

**вирусология зертханасының**

**лаборанттары**

## Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ!

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согиприло» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ

«согиприге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сақтығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту өткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

**Индира ЖӨНІБЕКОВА**  
**ХҚКО Жалағаш аудандық**  
**бөлім инспекторы**

## ЖОБА ҚОРҒАУ,

## ЖЕҢІМІЗ АЯЛ АҚЫДЫҚ

Біз қорғаған ғылыми жобаның тақырыбы - Анимациялық фильмдер құру. Пәні – информатика. Біз Диана екеуіміз ғылыми жобаға дайындалдық. Қалалық ғылыми жоба болғандықтан қорқыныш болды. Ғылыми жоба №6 - шы мектепте өтті. Біздерді әр топтарға бөлді Біз анимациялық фильмдер құру тақырыбында қорғайтын болдық. Барлық ғылыми жобаға 77 оқушы қатысты. Менің аты-жөнім - Әділ Махаббат Айтмұратқызы. Құрбымның аты - Кәміл Диана. Біз 1 мектеп-гимназиясында оқимыз. Жоба жетекшісі - Мусилимова Рахила Мұстафақызы. Мен Рахила апайға көп-көп рахмет айтқым келеді, себебі бізді күндіз-түні дайындады. Рахила апай біздің мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімі. Өрбір оқушыға информатика пәнін жетік меңгерту үшін аянбай еңбек етеді. Өзі де пәндік сайыстарға



қатысып, оқушыларды олимпиадаларға апарды. Міне осы жолы бізді жарысқа апарды. Ұстазымыздың еңбегі ақталды. Оған да қуаныштымын. Біздің көзегіміз жақындап қалды. Менде уақыт жақындаған сайын қорқыныш болды. Сосын өзім бір шешімге

келіп, біз бәрін жақсы орындаймыз деп өз-өзіме сенімді болдым. Ғылыми жобаны қорғауға шықтық. Мен өз-өзіме қалай да сенімді ақтаймыз дедім. Қазылар алқасы Қуаныш ағай және де тағы бір апай болды. Біз басынан аяғына дейін қалай істегенімізді айтып, көрсетіп еш тоқтамай саспай, қорғап шықтық. Ғылыми жобамызды жақсы қорғағанымызды сөзіндік. Біз қорытындысын асыға күттік. Ең соңында 1-орын 1 мектеп-гимназиясының оқушылары Кәміл Диана мен Әділ Махаббатқа дегенде өте қатты қуандық. 1-орынды иеленгеніміз Рахила апайдың арқасы және де өз-өзімізге сенімді болғанымыздан деп ойлаймын. Адам өз-өзіне сенімді болса, қорықпаса барлығын да жеңіп шығады.

**Махаббат ӘДІЛ**  
**Диана КӘМІЛ**  
**№1 мектеп-гимназия**  
**оқушылары**





# Е л т і л е р і


Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!

25

№35 (455)  
Сарсенбі  
Мамыр  
2016 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2007 жылғы  
22 қарашадан шығады



## АҒЫВНДЫҚ АР ОҢҒЫР ҚОҢЫРАУ ЫҢҒЫРЫ

Бүгін ерекше төбіреніс пен толғанысқа толы күн. Мектеп атты кемеңіз ескегің есіп көрген кез-келген пендені бей-жай қалдырмайтын қы мереке.

Бірі мектепке күзге дейін қойтасса, бірі өмірдің кезекті бір бөлесін бағындыратын шақ. Елбасы Ғұрсұтан Әбішқы Назарбаев жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне ерекше назар аударып, Сіздердің сапалы білім алып, қиын азамат болуларыңыз үшін барынша жағдай жасап

отыр.

Қызылорда облысындағы 298 мектепте соңғы қоңырау соғылды. Салтанатты шараға 136991 оқушы қатысты. Осынау жауапты сәтке былығы тілдермен қапар ұстаздар қауымы, ата-аналар жан-жақты дайындалған болатын.

Аймағымызда білім сапасын жақсартуға барлық жағдай жасалған. Мәселен, Қызылорда облысы жан басына шаққанда білім сапасына қаржы бөлумен республикада көш

бастап тұр. Өткен оқу жылында мектеп бітірушілердің 93,6 пайызы өздері қалаған мамандықтары бойынша оқуға түскен. Сондай-ақ, 321 қызылордалық Ресей Үкіметінің гранты есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербургтің мақтаулы оқу орындарында білім алуда. Тезі тағы 250 грант бөлінеді.

Жалпы, 6566 оқушы мектеп бітіреді. Оның 4559-ы, яғни 69,5 пайызы ҰБҒП тапсыруға ниет білдіріп отыр. Сынақ тапсыратындардың басын бөлігі жаратылыстану-математика бағытын таңдауда. Тілдердің 352-сі «Алтын белгіге», 135-і «Үздік аттестатқа» үйіткер. Барша жас тілдерді алда қиын сын күтіп тұр. Барлықтарыңызға Ұлттық Бірыңғай тестілеуден абыроймен өтіп, қалаған оқу орындарыңызға түсіп, студент атануларыңызға тілектеспіз. Еліміздің болашағы - жастардың қолында. Сондықтан, терең білім алып, болашақта ел тізінін ұстайтын азамат болатындарыңызға сенеміз.

## СЫР ӨҢІРІНДЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨСУДЕ


Қызылорда облысында 4 айда өнеркәсіптің өңдеу өнеркәсібі саласында 38,6 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 115,7 пайызға дейін артты. Көрсеткіштің жоғарылауы индустриялық карта аясында іске қосылған жобалар мен бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан кәсіпорындардың шығаратын өнім көлемінің ұлғаюына байланысты болып отыр.

Мәселен жыл басынан 10,2 млрд. теңгенің тамақ өнімдері өңделді. Атап айтсақ, 56 647 тонна күріш өңделсе. «Арал тұз» АҚ мен «Рза» АҚ-ның жобаларының арқасында йодталған тұз өндіру 14,3%-ға, өңделген сүт өндіру 94,4%-ға өсті.

Мұнай өнімдерін өңдеу саласында (бензин, солярка, мазут, сұйытылған газ) 1,6 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 116,5% құрады. Облысымызда мұнай өнімдерін өндіретін жылдық қуаттылығы 100 мың тонналық «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС жұмыс жасауда. Кәсіпорын тарапынан қазіргі кезде мұнай

өндірісі көлемінің төмендеуіне қарамастан жұмысшылар санын қысқартпай, өнім көлемін көтеру бағытында жұмыстар жасалуда. Алдағы уақытта зауыт индустриялық даму бағдарламасы аясында мұнай өңдеу көлемін жылына 500 мың тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлауда.

Химиялық өнеркәсіп өнімдері саласында 3,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл сала бойынша облыс бойынша үдемелі индустриялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асқан Жаңақорған ауданындағы жылдық қуаттылығы 500 мың тонна күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-У» ЖШС және Қызылорда қаласындағы «Хуа Ю Интернетл в Кызылорда» ЖШС-і



тұрақты түрде жұмыс жасауда;

Резеңке және пластмасса өндірісінде 1,4 млрд. теңгенің бұйымдары шығарылған. Аймақта пластикалық есік терезе шығаратын шағын цехтар мен полиэтиленді құбырлар шығаратын «Қуат» ЖШС мен «Қазақстанның Мұнай Химиялық «Кемикал» компаниясы ЖШС жұмыс жасауда.

Металлургия өнеркәсібінің негізгі

бағалы және түсті металдарды өндіру («уранның закис-окись» өнімі Жаңақорған ауданында 2013 жылдан бері «Байкен-У» ЖШС-де уранды өңдеуден алынуда) саласы бойынша 16,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілді.

Машина жасау, жөндеу және орнату саласында өсепті кезеңде 3,1 млрд. теңгенің қызметі атқарылды. Бұл салада негізінен «Қазалы вагон жөндеу депосы» ЖШС, «Қазалы локомотив жөндеу депосы» ЖШС, «Ремпассаживагон» ЖШС, «Сексеул локомотив жөндеу депосы» ЖШС темір жол саласында қызмет көрсетуде.

Құрылыс заттарын өндіру (кірпіш, тауарлы бетон және темір-бетоннан жасалған құрылыстық мақсаттағы бұйымдар) саласы бойынша 1,4 млрд. теңгенің тауары шығарылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 46,1%-ға артқан.

«Ел тілегі» ақпарат

## БАСПАСӨЗ - 2016



Е л т і л е р і

Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!  
«ЕЛ ТІЛЕГІ» - АТЫНА САЙ БАСЫЛЫМ!

Жарасымды  
Жанұя

«ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» - ӨР ОТБАСЫҒА!

Қос басылым өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліңіздің тілегін тындап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз, қос басылымға жазылыңыз!

### ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

1. Газетке жазылған ҰОС ардагерлеріне және тыл ардагерлеріне, Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль апатына қатысушыларға, батыр аналарға – 20%;
2. Редакцияға келіп жазылған оқырмандарға – 20%;
3. 150 дананың үстінде газетке жазылған ұжымға -15%, 250 газетке жазылған ұжымға-20% жеңілдік жасалады.

1. 50 дана үстінде журналға жазылған ұжымға – 10 %, 100 дана журналға жазылған ұжымға - 15% жеңілдік жасалады.
2. Мекемелердің жарнамалық материалдарын жазылым есебінен журнал бетіне жариялауға болады.

«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы:  
6 айға – 1900 теңге

«Жарасымды жанұя» журналына жазылу бағасы  
6 айға- 2500 теңге



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданы бойынша барлық ауыз су  
тұтынушылар назарына!

«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі ҚР Ұлттық Экономикалық министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 163 бұйрығының 48 тармағына сәйкес тұтастығы бұзылған, бастапқы тексеру туралы бедері жоқ есепке алу аспаптарын, сондай-ақ тексеру мерзімі өткен есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

Осыған орай су есептегіш құралын рұқсатсыз алып тастаған, пломбасы үзілген, мемлекеттік тексеру мерзімі өткен, қайта мемлекеттік тексеруден өткізбеген немесе жаңадан ауыстырылмаған және су есептегіш құралын орнатуға негізсіз кедергі көлтірген тұтынушыларға ҚР Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істер агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығына сәйкес төлемақы судың жылдамдығы 1 м/с труба диаметрінің толық өткізу қабілеттілігі бойынша 24 сағатқа есептеледі. Осы шартқа келіспеген тұтынушылар орталық су жүйесінен ажыратылады.

**Тұтынушылар назарына:** Қазалы өндірістік бөлімшесі тұтынушылардың ішкі су жүйелеріне техникалық қызмет көрсету жұмыстары жылына 1 рет міндетті түрде жүргізіледі және де жеке және заңды тұлғаларға сервистік ауыз су құбырларын жүргізу, ішкі су тарату құбырларына қосу, су есептегіш құралдарын орнату немесе ауыстыру, пломба басу жұмыстары Қызылорда облысының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Департаментінің келісімі негізінде, филиалдың бітіктен калькуляциясына сәйкес жұмыстар ақылы негізде атқарылады.

**Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімше өкімшілігі.**

**Байланыс телефондары: 2-10-33, 2-30-33**

**Аудан тұрғындарының күнделікті пайдаланып отырған ауыз суды мақсатты пайдаланып, бей-берекет ағызғып, ысырап болуына жол бермеулеріңізді сұраймыз.**

Сал  
ауруы

**Сал ауру – паралич – полиомиелит –** өту жұқпалы ауру. Бұл, әсіресе, төрт – бес жасқа дейінгі балаларға көбірек жабысады. Мектеп жасындағы балалар да, кейде ересек адамдар да паралич ауруымен ауырады.

Сал ауруының вирусы өте жансәбіл келеді. Олар ауыз суларында, азық – түлікте ұзақ өмір сүреді. Вирустың үйдегі суда 100 күнге, ал сүт пен сары майда 90 күнге дейін өлмейтінін ғылым анықтап отыр. Вирус ыстықты сүйемейді. Егер вирус түскен суды 50 – 60 градусқа дейін ысытсақ, ол тез қырылады. Ол күн көзін де шыдамайды. Ғалымдар баланың денесіне вирустың екі жолмен енетінін тапты. Бірі – тағам, екіншісі – ауа.

Паралич вирусы сау адамға ауа арқылы да жұғады. Ауру адам сөйлегенде, түшкіргенде, жөтелгенде вирустар сілкілей шашырандысымен не шаң – тозаң арқылы ауаға жайылып отырады. Осындай ауамен дем алған соң адамдар параличпен сөзсіз ауырады.

Параличтің қозатын маусымы бар екені ғылым жолымен анықталып отыр. Балалар параличті шілде, тамыз, қыркүйек айларында жиі кездестіреді. Вирус денеге енісімен ауру бірден біліне қоймайды. Ауру вирус ағзаға жайылған соң, 7 – 10, кейде 20 күннен кейін білініп жатады. Бұл кезде бұрын сап – сау, ойнап күліп жүрген бала кенеттен жығылады. Дене қызуы 39 – 40 градусқа дейін көтеріледі, көзі жасаурайды, басы көтертпей ауырады, кейде тұмау тәрізді түшкіреді, мұрыны бітеді немесе тынбай танаудан су ағады, жөтеледі. Кейбір балалардың іші өтеді. Құсады. Аурудың алғашқы күндерінде бала мен – зең, ұйқышыл келеді, кейде күйгеліктік ашушандық пайда болады. Ондай бала бетіне түскен күн және шам сәулелерінен қашады, төңірегіндегілердің сөздерін естігісі келмейді. Кейбіреулері қатты жығылып, сана – сезімінен айырылады. еке – шешесін танымайды, сандырақтай бастайды. Есейіп қалған балалар аяқ – қоладарының, арқа, мойын омыртқаларының ауыратынын бірден айтады. Денелеріне қол, киім – кешек тисе, тітіркеніп жақтырмайды. Параличпен ауырған баланың денесі, әсіресе, желкесі қатты терлейді.

Науқасты ауруханаға жатқызғанша сау балаларға сал ауруды (параличті) жұқтырмау үшін түрліше сақтық шараларын істеуге болады. Мысалы, науқасты жеке бөлмеге, ал мүмкіндігі болмаса, бөлменің күлп бұрышына жатқызып, төсек алдын шымылдықпен қоршап қою керек, оған күтушіден басқа ешкімді қатыстырмау керек. Ауру адамның ыдыс – аяқтары, киімі және тағы басқа заттары бөлек болуы тиіс. Ауру адамның үлкен дәретін тегер алдында хлорлы екі ерітіндісімен дезинфекциялау керек. Ас ішкен ыдыстарын тамақтан кейін 20 минут бойы суда қайнатылады. Одан кейін 0,2 процентті хлорлы әк ерітіндісіне жарты сағаттай малынуы тиіс. Бұдан соң ыдысты таза суға шайқап, өбден келтіру керек. Ыдыстарға жұққан вирус сонда ғана жойылады деуге болады.

**Н.БЕРШІМБАЕВА  
Ш.ЕЛИБАЕВА**

**ҚР ҰЭМ ТҚКҚ «ҰСО» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы  
Республикалық мемлекеттік  
кәсіпорынның  
Қызылорда облысы бойынша  
филиалының  
вирусология зертханасының  
лаборанттары**

Біздің қоғамда сыбайлас  
жемқорлыққа орын жоқ!

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсайтын өлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдатыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «согуприо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ

«согуприге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың өділдік пен турашылдықты ту өткендігін гасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

**Индира ЖӨНІБЕКОВА  
ХҚКО Жалағаш аудандық  
бөлім инспекторы**

ЖОБА ҚОРҒАҒА,  
ЖЕҢІМДІ АЗ АЙЛАҒЫДЫҚ

Біз қорғаған ғылыми жобаның тақырыбы - Анимациялық фильмдер құру. Пәні – информатика. Біз Диана Кеуіміз ғылыми жобаға дайындалдық. Қалалық ғылыми жоба болғандықтан қорқыныш болды. Ғылыми жоба №6 - шы мектепте өтті. Біздерді әр топтарға бөлді Біз анимациялық фильмдер құру тақырыбында қорғайтын болдық. Барлық ғылыми жобаға 77 оқушы қатысты. Менің аты-жөнім - Әділ Махаббат Айтмұратқызы. Құрбымның аты - Кәміл Диана. Біз 1 мектеп-гимназиясында оқимыз. Жоба жетекшіміз - Мусилимова Рахила Мұстафақызы. Мен Рахила апайға көп-көп рахмет айтқым келеді, себебі бізді күндіз-түні дайындады. Рахила апай біздің мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімі. Әрбір оқушыға информатика пәнін жетік меңгерту үшін аянбай еңбек етеді. Өзі де пәндік сайыстарға



қатысып, оқушыларды олимпиадаларға апарды. Міне осы жолы бізді жарысқа апарды. Ұстазымының еңбегі ақталды. Оған да қуаныштымын. Біздің кезегіміз жақындап қалды. Менде уақыт жақындаған сайын қорқыныш болды. Сосын өзім бір шешімге

келіп, біз бәрін жақсы орындаймыз деп өз-өзіме сенімді болдым. Ғылыми жобаны қорғауға шықтық. Мен өз-өзіме қалай да сенімді ақтаймыз дедім. Қазылар алқасы Қуаныш ағай және де тағы бір алай болды. Біз басынан аяғына дейін қалай істегенімізді айтып, көрсетіп еш тоқтамай саспай, қорғап шықтық. Ғылыми жобамызды жақсы қорғағанымызды сезіндік. Біз қорытындысын асыға күттік. Ең соңында 1-орын 1 мектеп-гимназиясының оқушылары Кәміл Диана мен Әділ Махаббатқа дегенде өте қатты қуандық. 1-орынды иеленгеніміз Рахила апайдың арқасы және де өз-өзімізге сенімді болғанымыздан деп ойлаймын. Адам өз-өзіне сенімді болса, қорықпаса барлығын да жеңіп шығады.

**Махаббат ӘДІЛ  
Диана КӘМІЛ  
№1 мектеп-гимназия  
оқушылары**





# Е л т і л е р і


Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!

25

№35 (455)  
Сәрсенбі  
Мамыр  
2016 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2007 жылғы  
22 қарашадан шығады



## АҒЫНДЫҚ АР ОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ ЫҢҒЫРЫ

Бүгін ерекше тебіреніс пен толғанысқа толы күн. Мектеп атты келенің ескегін есіп көрген кез-келген пендені бей-жай қалдырмайтын қыс мерекесі.

Бірі мектептен күзге дейін қиытасса, бірі өмірдің кезекті бір бөлесін бағындыратын шақ. Елбасы Ғұрсұлан Әбішқы Назарбаев жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне ерекше назар аударып, Сіздердің сапалы білім алып, үлкен азамат болуларыңыз үшін барынша жағдай жасап

отыр.

Қызылорда облысындағы 298 мектепте соңғы қоңырау соғылды. Салтанатты шараға 136991 оқушы қатысты. Осынау жауапты сәтке биылғы түлектермен қатар ұстаздар қауымы, ата-аналар жан-жақты дайындалған болатын.

Аймағымызда білім сапасын жақсартуға барлық жағдай жасалған. Мәселен, Қызылорда облысы жан басына шаққанда білім саласына қаржы бөлумен республикада көш

бастап тұр. Өткен оқу жылында мектеп бітірушілердің 93,6 пайызы өздері қалаған мамандықтары бойынша оқуға түскен. Сондай-ақ, 321 қызылордалық Ресей Үкіметінің гранты есебінен Мәскеу мен Санкт-Петербургтің мақтаулы оқу орындарында білім алуда. Биыл тағы 250 грант бөлінеді.

Жалпы, 6566 оқушы мектеп бітіреді. Оның 4559-ы, яғни 69,5 пайызы ҰБТ тапсыруға ниет білдіріп отыр. Сынақ тапсыратындардың басым бөлігі жаратылыстану-математика бағытын таңдауда. Түлектердің 352-сі «Алтын белгіге», 135-і «Үздік аттестатқа» қиыткер. Барша жас түлектерді алда үлкен сын күтіп тұр. Барлықтарыңызға Ұлттық Бірыңғай тестілеуден абыроймен өтіп, қалаған оқу орындарыңызға түсіп, студент атауларыңызға тілектеспіз. Еліміздің болашағы - жастардың қолында. Сондықтан, терең білім алып, болашақта ел тізілінін сұпайтын азамат болатындарыңызға сенеміз.

## СЫР ӨҢІРІНДЕ ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨСУДЕ

Қызылорда облысында 4 айда өнеркәсіптің өңдеу өнеркәсібі саласында 38,6 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 115,7 пайызға дейін артты. Көрсеткіштің жоғарылауы индустриялық карта аясында іске қосылған жобалар мен бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан кәсіпорындардың шығаратын өнім көлемінің ұлғаюына байланысты болып отыр.

Мәселен жыл басынан 10,2 млрд. теңгенің тамақ өнімдері өңделді. Атап айтсақ, 56 647 тонна күріш өңделсе, «Арал тұз» АҚ мен «Рза» АҚ-ның жобаларының арқасында йодталған тұз өндіру 14,3%-ға, өңделген сүт өндіру 94,4%-ға өсті.

Мұнай өнімдерін өңдеу саласында (бензин, солярка, мазут, сұйылтқан газ) 1,6 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, 116,5% құрады. Облысымызда мұнай өнімдерін өндіретін жылдық қуаттылығы 100 мың тонналық «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС жұмыс жасауда. Кәсіпорын тарапынан қазіргі кезде мұнай

өндірісі көлемінің төмендеуіне қарамастан жұмысшылар санын қысқартпай, өнім көлемін көтеру бағытында жұмыстар жасалуда. Алдағы уақытта зауыт индустриялық даму бағдарламасы аясында мұнай өңдеу көлемін жылына 500 мың тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлауда.

Химиялық өнеркәсіп өнімдері саласында 3,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл сала бойынша облыс бойынша үдемелі индустриялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асқан Жаңақорған ауданындағы жылдық қуаттылығы 500 мың тонна күкірт қышқылын өндіретін «СКЗ-У» ЖШС және Қызылорда қаласындағы «Хуа Ю Интернетл в Кызылорда» ЖШС-і



тұрақты түрде жұмыс жасауда;

Резеңке және пластмасса өндірісінде 1,4 млрд. теңгенің бұйымдары шығарылған. Аймақта пластикалық есік терезе шығаратын шағын цехтар мен полиэтиленді құбырлар шығаратын «Қуат» ЖШС мен «Қазақстанның Мұнай Химиялық «Кемикал» компаниясы ЖШС жұмыс жасауда.

Металлургия өнеркәсібінің негізгі

бағалы және түсті металдарды өндіру («уранның закис-окись» өнімі Жаңақорған ауданында 2013 жылдан бері «Байкен-У» ЖШС-де уранды өңдеумен алынууда) саласы бойынша 16,9 млрд. теңгенің өнімі өндірілді.

Машина жасау, жөндеу және орнату саласында есепті кезеңде 3,1 млрд. теңгенің қызметі атқарылды. Бұл салада негізінен «Қазалы вагон жөндеу депосы» ЖШС, «Қазалы локомотив жөндеу депосы» ЖШС, «Ремпассаживагон» ЖШС, «Сексүйіл локомотив жөндеу депосы» ЖШС темір жол саласында қызмет көрсетуде.

Құрылыс заттарын өндіру (кірпіш, тауарлы бетон және темір-бетоннан жасалған құрылыстық мақсаттағы бұйымдар) саласы бойынша 1,4 млрд. теңгенің тауары шығарылды. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 46,1%-ға артқан.

«Ел тілегі» ақпарат

## БАСПАСӨЗ - 2016



«ЕЛ ТІЛЕГІ» - АТЫНА САЙ БАСЫЛЫМ!



«ЖАРАСЫМДЫ ЖАНУЯ» - ӨР ОТБАСЫҒА!

Қос басылым өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліңіздің тілегін тыңдап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз, қос басылымға жазылыңыз!

### ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

1. Газетке жазылған ҰОС ардагерлеріне және тыл ардагерлеріне, Ауған соғысы ардагерлеріне, Чернобыль апатына қатысушыларға, батыр аналарға – 20%;
2. Редакцияға келіп жазылған оқырмандарға – 20%;
3. 150 дананың үстінде газетке жазылған ұжымға -15%, 250 газетке жазылған ұжымға-20% жеңілдік жасалады.

1. 50 дана үстінде журналға жазылған ұжымға – 10 %, 100 дана журналға жазылған ұжымға - 15% жеңілдік жасалады.
2. Мекемелердің жарнамалық материалдарын жазылым есебінен журнал бетіне жариялауға болады.

«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы:  
6 айға – 1900 теңге

«Жарасымды жануя» журналына жазылу бағасы  
6 айға- 2500 теңге



## ТҮЗЕТУ

«Ел тілегі» газетінің 2016 жылғы 4 мамырдағы №31-32 (451-452) санында жарияланған Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылдың 6 сәуірдегі кезектен тыс ІІ сессиясында қабылданған №11-2/5 «Қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешімімен бекітілген «Қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінің 2-қосымшасы жаңа редакцияда түзетіліп оқылсын:

«Қалалық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 2-қосымша

### Бағалау парағы

\_\_\_\_\_ тоқсан \_\_\_\_\_ жыл  
(бағаланатын кезең)

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә. (болған жағдайда): \_\_\_\_\_  
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: \_\_\_\_\_

Лауазымдық міндеттерді орындау бағасы:

№ р/с	Қызметшінің өзін-өзі бағалауы			Тікелей басшының бағалауы			Ескерту
	Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер	Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер	Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер	
1.							
2.							
3.							
	Өзін-өзі бағалау нәтижесі:			Бағалау нәтижесі:			

Қызметші  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

Тікелей басшы  
Т.А.Ә. (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
күні \_\_\_\_\_  
қолы \_\_\_\_\_

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Арал» СЖКБД филиалына қарасты барлық ауыз су нысандарына 2016 жылға жоспарлы көктемгі жуып-шаю, залалсыздандыру жұмыстары Шиелі ауданындағы «Жиделі топтық су құбыры» бойынша 26-27-28 мамыр аралығында, Жанақорған ауданындағы «Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жанақорған» өндірістік бөлімшесі бойынша 26-27-28 мамыр аралығында жүргізілетінін хабарлаймын.

## ЖҮЛДЕЛІ ІІ ОРЫНМЕН ОРАЛДЫ



Кез – келген мемлекеттің қуатты болуы, еңбекке қабілеті, ой еңбегі мен дене еңбегін қатар алып жүретін тәні мықты, рухы биік жандары көп елде ғана жүзеге асады. Халық даналығында: «Тәні мықтының рухы мықты», «Дені саудың - жаны сау», «Спорт - денсаулық кепілі» - деген сөздердің мәні терең.

Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2030» атты бағдарламасында да, жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында, халықтың бұқаралық спорт пен денешынықтыру жаттығуларын күн сайынғы дағдыға айналдыруын баса айтқан болатын. Сондықтан да салауатты өмір салтын ұстану, спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту, оны жүзеге асыру - әрбір Қазақстандықтың міндеті.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының» тәрбиеленушілері 14-15 мамыр аралығында мүмкіндігі шектеулі балалар арасында Атырау қаласында өткен «Специал Олимпикс» Қазақстан бірлестігінің Еуропа футбол апталығы аясында мини-футболдан республикалық турнирде жүлделі ІІ орынды қанжығасына байлады.

Республикалық турнирге Шымкент, Тараз, Орал, Ақтау, Ақтөбе және Атырау қаласынан үш интернаттың командалары қатысты. Турнир өте қызықты өтті.

«Специал Олимпикс» Қазақстан, басқа түрлі жарыстарда жүлделі жетістіктерімізге орталығымыздың дене шынықтыру мұғалімі М. Тілеуқабыловтың еңбегі зор. Ұстаз үшін балаларының жетістігі үлкен қуаныш. Және де осындай қызу тартысты ойынға қатысып, өз мүмкіндіктерін барынша көрсетуге демеушілік жасаған ЖШС «Кумколь Транс Сервис» компаниясына алғысымызды білдіреміз.

Алдағы уақытта осындай қызықты жарыстар өз жалғасын табады деп сенеміз.

**Роза БИСЕМБИНА**  
Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығының әдіскері

## ҰЛЫ ЖЕҢІС - ҰРПАҚҚА АМАНАТ



Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – қиындау күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын таял. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе

радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұға бізге жеткізді. Иә, содан бері 71 жыл уақыт өтсе де, еш нәрсе де ұмытылған жоқ.

Мен атамның Отан үшін, болашақ ұрпақ үшін соғысқа қатысқанына мақтанамын. Менің атам - Ұлы Отан Соғысының ардагері. 1941-1945 жылдары соғыс майданында қаһармандықпен шайқасқан, ержүрек атамды жыл сайын отбасымызбен бірге ерекше алғыс сезіммен, мақтаншыпен еске алып отырамыз. Ел есінде қалған, отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шалапағат көзі болған Жансымақов Шаралат атам 1908 жылы қазіргі Сырдария ауданы, қазіргі Қалжан ахун аулында дүниеге келген. Ол соғыстан аман-есен оралғаннан кейін 40 жылдан астам уақыт аудан мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. 1972 жылы 64 жасында қайтыс болған. Артында қалған ұрпақтары мен шәкірттері өлі күнге дейін атам туралы естеліктер айтып отырады. Мен - Шаралат атамның шөбересімін. Қазір Қ. Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының 7-сыныбында оқимын. Отан үшін қасық қаны қалғанша соғысқандары туралы

әңгімелерін атамның өз аузынан естіген жоқпын, бірақ әжемнің айтуы бойынша «Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар, қайырымы мол, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын өділдіктен жаралған ойы тұңғыш ақын жанды кісі», - екенін білдім. Қазір үйде атамның артында қалған ең үлкен ескерткіші майданнан қалған өлеңдері мен хаттары бар. Сарғайған сары парақтар өлі күнге дейін әжемнің сандықшасында сақтаулы тұр. Өлеңдерін оқып отырсаң туған елге, жерге деген сағынышы, оқ пен оттың ортасында жүрсе де ел қамын ойлауы, қиыншылықтан мойымай, тіршілік жасауға, еңбек етуге шақыруы туралы жазылған. Мысалы «Туған елге», «Ауылдан шығып өдік 45 кісі» (1941), «Горькийдің біз жатырмыз қаласында» (1942), «Нақыл сөз», сондай-ақ, туыстарына, інілеріне, халқына, жарына, жолдастарына жазған хаттары мен өлеңдері, ерен ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

Міне, "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымыздың ерлігі ешқашан

ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Бұл қастерлі мейрамның құндылығы - ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеткен Ұлы күн!

### ЕРЛІКKE TAF3ЫM

Жеңіс, Жеңіс!  
Естілетін құлаққа жағымды сөз.  
Көз алдынан қуаныш кетпейтін кез.  
Бабалардың арманы орындалған,  
Ұлы Жеңіс тойланатын бақытты кез.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы,  
Есте қалар ерліктің жасалғаны,  
Сол ерлікпен алдық қой, егемендік  
Тәуелсіздік ел болып асқаралы.

Бабалардың рухына тағзым етем,  
Ұмытпай еске алып ерліктерің,  
Құрметпен Ұлы Жеңіс мерекесін  
Ұрпақтары ақтайды сенімдерін.

**Аялуым БЕРЕБЕТЖАНОВА**  
Қ. Мұхамеджанов атындағы  
№1 мектеп-гимназиясының  
7 «А» сынып оқушысы





# Е л т і л е г і

Тілегіміз - тату тірлік, мұратымыз - ауыз бірлік!

22

№39 (459)  
Сәрсенбі  
Маусым  
2016 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Газет 2007 жылғы  
22 қарашадан шығады

## АСТАНА ОРМАНЫ БУРАБАЙҒА ЖАҚЫНДАДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Елорданың орман плантацияларын және «Ақ қайың» көшеттер питомнигін аралады. Соңынан дәстүрлі қырғауыл ұшыру шарасына қатысты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына ағаш отырғызылатын аумақтың жалпы көлемін ұлғайту жұмыстарының барысы, сондай-ақ 2018 жылға дейінгі жасыл желекті алап пен оның биоалуандылығын дамыту жоспары туралы баяндалды.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін брифинг өткізді.

Елбасы Астана маңындағы жасыл желек орман шаруашылығы қызметкерлері мен ғалымдардың тынымсыз еңбегінің арқасында пайда болғанын атап өтті.

